ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕМІРЖОЛ КӘСІПОДАҚТАРЫ КОНФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ САЯСАТЫ – ҚҰРМЕТ, ТЕҢДІК, ТАТУ КӨРШІЛІК, ЖАЛПЫҒА СӘЙКЕС ӘРЕКЕТ ЕТУГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН. БІЗ БАСШЫЛЫҚҚА АЛҒАН ҚАҒИДАТ ОСЫ. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ МЕРКІ СТАНЦИЯСЫ – ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ЕЛДЕРІН БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ШЕКАРАЛЫҚ БЕКЕТ. СОНДЫҚТАН МЕРКІ АУДАНЫНДА ҚЫРҒЫЗ ӘРІПТЕСТЕРМЕН ӨТКЕН БАСҚОСУДЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЖОҒАРЫ. КӨРШІЛЕС ЕКІ ЕЛДІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢГЕ ТАРТҚАН БАЙЛАНЫСЫ МЕН ДОСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ЕНДІ ЕКІ ЕЛДІҢ ТЕМІРЖОЛШЫЛАР КӘСІПОДАҚТАРЫНЫҢ ШЕКАРАЛАС АЙМАҚТАРДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМЫ РАСТАЙ ТҮСЕДІ.



Оразғали АХМЕТБАЕВ,
«Қазтеміржолкәсіп» ҚБ төрағасы


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№9 (3156)
06/02/2026


## КАЗАХСТАН – ПАКИСТАН: НОВЫЙ ЭТАП РАЗВИТИЯ КОРИДОРА СЕВЕР – ЮГ

**В рамках государственного визита Президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева в Исламскую Республику Пакистан между АО «НК «Қазақстан темір жолы» в лице дочерней компании АО «KTZ Express» и государственной логистической компанией Пакистана National Logistics Corporation (NLC) подписан Меморандум о взаимопонимании в области развития мультимодальных перевозок.**

Подписание документа стало практическим шагом в развитии транспортно-логистического взаимодействия между Казахстаном и Пакистаном и направлено на формирование устойчивых грузопотоков между рынками направления Север – Юг. Номенклатуру грузов формируют зерно и продукты его переработки, уголь, удобрения, металлы, химическая продукция и пиломатериалы.

Сотрудничество предполагает комплексное использование инфраструктурных и транзитных возможностей двух стран, а также выстраивание мультимодальных логистических решений с участием различных видов транспорта и обеспечением обратной загрузки. Это позволит сократить порожний пробег, оптимизировать маршруты и снизить совокупные логистические издержки.

Документ является не декларацией о намерениях, а стратегическим ориентиром по формированию устойчивого мультимодального моста между Центральной и Южной Азией. Его ключевая цель – создание бесшовной логистической цепочки, позволяющей



казахстанским экспортерам доставлять грузы к Индийскому океану в кратчайшие сроки и с минимальными издержками.

Особое внимание в меморандуме уделено оптимизации логистических процессов. Современные перевозки требуют интеграции железнодорожного, автомобильного и морского транспорта в рамках единой цепочки. Усиление работы по обеспечению обратной загрузки позволит избежать порожних пробегов, снизить общие затраты и повысить конкурентоспособность казахстанских товаров.

Также в Исламабаде состоялся бизнес-форум «Казахстан – Пакистан», объединивший представителей государственных органов, квазигосударственного сектора и деловых кругов двух стран.

В ходе форума генеральный директор (председатель правления) АО «KTZ Express» Дамир Кожахметов выступил с докладом, посвященным развитию транспортно-логистического сотрудничества между Казахстаном и Пакистаном.

В своем выступлении он подчеркнул стратегическую значимость углубления логистического взаимодействия между двумя странами и представил транзитный потенциал международного транспортного коридора Север – Юг как основу для формирования устойчивых мультимодальных цепочек поставок.

Участие АО «KTZ Express» в бизнес-форуме и B2B-переговорах способствует расширению практического взаимодействия и повышению эффективности использования транзитного потенциала двух стран.

Новая глава в отношениях АО «НК «ҚТЖ» и NLC закладывает основу для укрепления позиций Казахстана в качестве одного из ключевых транспортно-логистических хабов Евразии.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

## ЖАҢА СЕРВИС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Ұлттық тасымалдаушы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Магистральдық желі дирекциясы» филиалымен бірлесіп, мүгедектігі бар жолаушыларға арналған сүйемелдеу қызметін іске қосты.**

Жаңа сервис вокзал қызметкерлерінің көмегін алдын ала рәсімдеуге мүмкіндік беріп, жолаушыны автокөліктен вагонға дейін және кері бағытта, сондай-ақ вокзал аумағында толық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Теміржол көлігімен сапарлау кезінде көмек алу өтінімін bilet.railways.kz сайтында рәсімдеуге болады.

Қазіргі таңда қызмет арнайы арбалармен жабдықталған 57 вокзалда қолжетімді. Егер таңдалған вокзалда қызмет уақытша көрсетілмесе, билет рәсімдеу кезінде тиісті опциялар көрінбейді. Ал сервис қолжетімді вокзалдарда, аталған қызметті рәсімдеу үшін bilet.railways.kz сайтынан билет сатып алу барысында «Мүгедек» опциясын таңдап, ЖСН мен мүгедектік туралы анықтаманың нөмірін көрсету; сондай-ақ қажетті көмек түрлерін белгілеу керек.

Сонымен қолжетімді көмек түрлеріне келсек, біріншісі, пойыз жөнелтілер алдында вокзал қызметкерінің сүйемелдеуі немесе пойыз жөнелтілер алдында арнайы арба ұсыну; екіншісі, пойыздан түсу кезінде вокзал қызметкерінің сүйемелдеуі, сондай-ақ пойыздан түсу кезінде арнайы арба ұсыну.

Өтінімді алдын ала рәсімдеу вокзал қызметкерлеріне дер кезінде дайындалып, жолаушыға сапардың барлық кезеңінде уақытылы әрі толыққанды көмек көрсетуге мүмкіндік береді. «Жолаушылар тасымалы» АҚ тарапынан мүгедектерге жол жүруге қатысты жеңілдік шаралары да қарастырылған. Мәселен, мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік маңызы бар бағыттарда 50% жеңілдік қарастырылса, коммерциялық «Тальго» пойыздарында арнайы купелерге, оның ішінде ілесіп жүретін адамға арналған орынға 50% жеңілдік бар. Қосымша ақпаратты 1433 тегін нөмірі арқылы, сондай-ақ «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның ресми Instagram парақшасынан @jolaushylar_tasymaly білуге болады.

*Ислам ТАЛҒАТ*



**Сайран БАРЖАКСИН,**
главный инженер филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмола»:

САМЫМ РАСПРОСТРАНЕННЫМ НАРУШЕНИЕМ СРЕДИ ПОСТОРОННИХ ГРАЖДАН ОСТАЕТСЯ ХОЖДЕНИЕ ПО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ПУТЯМ И ИХ ПЕРЕХОД В НЕУСТАНОВЛЕННЫХ МЕСТАХ. НЕСМОТРЯ НА ПРЕДУПРЕЖДАЮЩИЕ ЗНАКИ, ОГРАЖДЕНИЯ И ЗВУКОВЫЕ СИГНАЛЫ, ЛЮДИ ОСОЗНАННО ИДУТ НА РИСК. ПОЭТОМУ ПРОФИЛАКТИЧЕСКАЯ И РАЗЪЯСНИТЕЛЬНАЯ РАБОТА, В ТОМ ЧИСЛЕ СРЕДИ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ, ДОЛЖНА БЫТЬ ПРОДОЛЖЕНА И УСИЛЕНА

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚР МЕН РФ АРАСЫНДАҒЫ ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

**92,1 млн**

ТОННАҒА ЖЕТТІ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ СОЛТҮСТІК – ОҢТҮСТІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК ДӘЛІЗІ АРҚЫЛЫ КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

**1,5**

ЕСЕ ӨСТІ.

ҚАЗАҚСТАН БЫЛТЫР ЖҮК ТРАНЗИТІНЕ АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕНІ ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ ШАМАМЕН

**2 млн**

АҚШ ДОЛЛАРЫН ҮНЕМДЕДІ.

### Актуально

## НАДЕЖНАЯ ТЕХНИКА – НАДЕЖНАЯ СЕТЬ

**В филиале АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» для восстановительных поездов станций Аягоз, Арыс, Тараз, Орал и Жанаарка поступили пять единиц современной специализированной техники – бульдозеры типа ЯБЛ, оснащенные лебедками с тяговым усилием до 50 тонн.**

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

Новая техника значительно расширяет возможности восстановительных подразделений и позволит оперативнее устранять последствия нарушений безопасности движения, аварий и чрезвычайных ситуаций, включая работы в сложных и труднодоступных условиях.

Техника оборудована четырехтактным двигателем Ярославского моторного завода мощностью 520 лошадиных сил, с жидкостной системой охлаждения и автоматическим контролем температурного режима. Планетарная коробка передач обеспечивает три скорости движения вперед и назад, а гидравлическое управление и эффективная тормозная система повышают маневренность и безопасность при работе.

Масса бульдозера составляет 45 тонн, вместимость топливного бака – 800 литров, при этом машина отличается хорошей управляемостью и мобильностью. В кабине созданы комфортные условия для оператора – предусмотрены система очистки воздуха, контроль состояния фильтров и учет моточасов.

Важным преимуществом является возможность транспортировки техники по же-



лезной дороге без демонтажа установленного оборудования.

Поступление новых бульдозеров стало важным этапом в укреплении технической оснащенности восстановительных поездов и повышении общей надежности перевозочного процесса на сети АО «НК «ҚТЖ».

## ПЕРВЫЙ ПОЕЗД ИЗ НЯНЬЧАНА

**Новый железнодорожный маршрут грузоперевозок из Китая отправлен по ТМТМ.**

Первый поезд из Наньчана провинции Цзянси пересек границу с Казахстаном на этой неделе. Состав проследовал через КПП Хоргос, затем транзитом по территории нашей страны в направлении Актау, где контейнеры переправят по Каспийскому морю в Баку.

Согласно намеченному графику, после доставки товаров в Баку, они могут дальше перевозиться в Турцию и ряд других стран и регионов мира.

Новый маршрут грузоперевозок с использованием ТМТМ позволит сократить время транспортировки с прежних 50 дней до 18 суток, избегая необходимости обходить Суэцкий канал и акваторию Красного моря, а также свести к минимуму порчу грузов и затраты на многократную перевалку, связанные с морскими перевозками на большие расстояния. К тому же в среднем на 15-20% снизить логистические затраты экспортерам.

В составе первого поезда – мраморные изделия, хлопчатобумажные ткани, обои и другие товары народного потребления.

К настоящему моменту в провинции Цзянси действует 13 маршрутов в рамках международных железнодорожных грузоперевозок Китай – Европа/Центральная Азия, которые охватывают более 200 стран и регионов мира и обслуживают свыше 500 внешнеторговых предприятий.

*Любовь РОВБА*

## КОРЕЯ ЖАСТАРЫ ҚТЖ-ҒА КЕЛДІ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

**Компанияның ЖОО және арнайы кәсіптік білім беретін оқу орындарымен ынтымақтастық бойынша меморандумы аясында Оңтүстік Кореяның беделді Woosong University студенттері және оқытушылары ҚТЖ-ға келді. Адами ресурстарды басқару департаменті ұйымдастырған кездесуден соң шетелдік делегация өкілдері компания бас ғимаратын аралап, Астанадағы бірнеше теміржол нысандарына барды.**



**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

Аталған департаменттің HR-бизнес серіктесі Алма Сәулебаеваның айтуынша, ҚТЖ осындай 48 оқу орнымен келісімшарт жасасқан. Оның ішінде қазақстандық және шетелдік оқу орындары бар. Бұл жолы Кореяның Тэджон қаласындағы Вусонг университетінен келген қонақтарға елдің көлік саласындағы ҚТЖ-ның алатын орны мен мүмкіндіктері таныстырылды.

Департамент өкілдері де өзара ынтымақтастықты одан әрі дамытып, компанияның түрлі оқыту бағдарламалары мен жобалары аясында үздік нәтиже көрсеткен теміржолшыларды сол оқу орнына жіберіп, білім алуы мен тәжірибе жинақтауына мүмкіндік беруді жоспарлауда. Атап айтқанда, «Жастар кадрлық резерві» жобасы аясында үздік қызметкерлер іріктеліп алынбақ. Мұндай келісімшарт Германияның ЖОО-ларымен де жасалған.

– Осы компанияға келуіміздің басты мақсаты – Қазақстандағы теміржол саласының қазіргі жағдайымен студенттерімізді таныстыру. Көрген кездегі алған әсерім өте зор, ҚТЖ алып компания және болашағы да жарқын екені байқалады. ҚТЖ мен біздің университет арасындағы ынтымақтастық жоғары деңгейде және біз осы саланы дамытуға өз үлесімізді қосқымыз келеді. Қазірдің өзінде біздің университетте білім алып жатқан қазақстандық студенттер көп. Тек студенттер ғана емес, компания қызметкерлерін де шақырып, өзара тәжірибе алмасу бойынша жоба ұйымдастырғымыз келеді, – деді аталған ЖОО профессоры Yongwoo Kim.

Айта кетсек, аталған шетелдік ЖОО 1954 жылы құрылған. 2025 жылы оның филиалы Түркістан қаласында ашылды. Шетелдік студенттер бұл іссапар барысында ҚТЖ Орталық музейі мен Қысқы баққа, «Тальго» техникалық қызмет көрсету пунктіне, Теміржол көлігі персоналын дамыту және бағалау орталығына, Жол диагностикалау орталығына барып, Қазақстан теміржолының тарихымен де, бүгінгі ахуалымен де танысты.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

rail-news.kz
№9 (3156) 06/02/2026

# ЖЕТІСТІК ТЕ, КЕМШІЛІК ТЕ БАР

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

ТОРАПТЫҚ ЖИЫН

**Сексеуілде Қызылорда теміржолының қауіпсіздік мәселесін назарға алған тораптық жиын өтті. Аса қауіпті аймақтарда еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету күн тәртібіне шығарылып, өткен жылғы атқарылған жұмыстар сараланды.**



Орын алған кемшіліктерге талдау жасалып, олардың қайталанбауы үшін жауапкершілікті күшейту шаралары алынды. Қызылорда бөлімшесінің бас инженері Күлхан Белкібаев өткен жылдың өндірістік көрсеткіштеріне тоқталды. Оның айтуынша, жүк тасымалы көлемі жоспардан асыра орындалып, техникалық және учаскелік жылдамдық көрсеткіштері тұрақты деңгейде сақталған. Сонымен қатар дизель отынын үнемдеу, локомотивтердің айналымын оңтайландыру бағытында атқарылған жұмыстар оң нәтиже берген. Алдағы кезеңде күрделі жөндеу нысандарына ерекше көңіл бөлініп, өндірістік инфрақұрылымды жаңғырту жалғасын табады.

Өндірістік қауіпсіздік мәселесін аймақтық ревизор Алмат Молдашев тарқатып берді. Қозғалыс қауіпсіздігіне салғырт қараудың соңы қандай салдарға әкеп соғатынына нақты мысалдар келтіріп, локомотив бригадалары мен жол шаруашылығы қызметкерлерін тәртіп пен жауапкершілікті күшейтуге шақырды. Магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Сәулебеков Сексеуіл торабының алдағы даму жоспарларына тоқталып, инфрақұрылымдық жобалардың кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Сексеуіл-Қоскөл учаскесінде автоблокировка жүйесін енгізу, жаңа парк құрылысы, жолдардың қайта жаңғыртылуы пойыз қабылдау және жөнелту мүмкіндігін арттырып, транзиттік жүк ағымын ұлғайтуға жол ашатынын атап өтті. Сонымен бірге қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, еңбекақының өсуі мен өндірістік ғимараттарды жөндеу жұмыстары ұжым тұрақтылығының маңызды факторы екеніне назар аударды.

Жиында қызметкерлердің әлеуметтік жағдайы да назардан тыс қалмады. Соңғы жылдары жөндеу көрмеген өндірістік ғимараттарды кезең-кезеңімен жаңғырту, вокзалдардағы жөндеу жұмыстары, еңбек ұжымына қолайлы жағдай жасауға бағытталған нақты қадамдар сөз болды. Сонымен қатар еңбекақының өсуі, сыйақылардың тұрақты төлем жүйесіне енгізілуі және инфляцияға байланысты үстемақылар қызметкерлердің әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып отырғаны да айтылды.

Жетістік те, кемшілік те сарапқа салынған жиында қатардағы теміржолшылар да өз пікірлерін білдірді. Вагон шаруашылығы қызметкерлері кейбір жол учаскелеріндегі қолайсыздықтарды, дыбыстық хабарлау құралдарының жеткіліксіздігін көтерсе, машинистер қозғалыс қауіпсіздігін күшейту үшін қосымша қоршаулар мен техникалық жабдықтарды орнату қажеттігін айтты. Бұл ұсыныстар назарға алынып, тиісті салаларға нақты тапсырмалар берілді.

*Суретті түсірген автор*

# АРНАЙЫ САБАҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

ЖОСПАР

**Алматыда азаматтық қорғаныс беделін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес теміржол қызметкерлері арасында түсіндіру және практикалық оқу сабағы ұйымдастырылды.**

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Алматы филиалы мен «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Алматы магистральдық желі бөлімшесі қызметкерлері қатысқан іс-шара ҚР «Азаматтық қорғаныс туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның №190 бұйрығына сәйкес өтті. Оқу сабағына Достық станциясы мен Алматы-1 және Алматы-2 станцияларының қызметкерлері қатысып, Алматы магистральдық желі бөлімшесінің директоры А.Жексембиев жетекшілік етті.

– Азаматтық қорғаныс – баршамызға ортақ жауапкершілік. Біз азаматтық қорғаныс талаптарын қатаң сақтап, қауіпсіздік мәдениетін күнделікті жұмысымыздың бір бөлігіне айналдыруымыз қажет. Бұл тек өзіміз үшін емес, әріптестер мен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін аса маңызды фактор екенін естен шығармауға тиіспіз, – деді өз сөзінде Асқар Төреханұлы.

Сонымен қатар азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі бөлімнің жетекші маманы Б.Еспаев, азаматтық қорғаныс бойынша инженер Н.Серікпаева оқу сабағын ұйымдастырып қана қоймай, жоғары деңгейде өтуіне атсалысты.

Сабақ барысында азаматтық қорғаныстың негізгі талаптары, төтенше жағдайлардың түрлері басты назарға алынды. Жалпы төтенше жағдай туындаған кезде хабарлау және эвакуациялау тәртібі, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалану жолдарының маңызы сөз болды. Сонымен қатар станциялар мен бекеттер аумағында болуы мүмкін қауіп-қатерлердің алдын алу бойынша нақты мысалдар келтіріліп, іс-қимыл алгоритмдері талқыланды.

**Ерлан ҚУАНДЫҚОВ,**
*Алматы-1 станциясының бас инженері*

**Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ:**

# «ӨТІНІШ-ШАҒЫМДАРДЫ ЕКІ ЕСЕ ТӨМЕНДЕТУГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК»

**«Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ Корпоративтік омбудсмен аппаратының жұмысы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау және еңбек жанжалдарының алдын алуға бағытталған. Компанияның корпоративтік омбудсмені Қанат Әлмағамбетовтен 2025 жылы атқарылған жұмыстар мен биылғы жоспарлар туралы білдік.**



**– Қанат Есмұханұлы, корпоративтік омбудсмен аппаратының өткен жылғы жұмысын қорытындылай отырып, теміржолшылар арасында қандай мәселелер жиі қозғалғанын байқадыңыз?**

– Алдымен Корпоративтік омбудсмен аппаратының қызметі Корпоративтік омбудсмен туралы ережеге сәйкес жүргізіліп, профилактикалық тәсілге, ашық диалогқа және қызметкерлердің әлеуметтік мәселелерін практикалық шешуге бағытталғанын және осы бағытта жүйелі жұмыстар атқарылғанын айтар едім. Жыл бойы корпоративтік омбудсмен ретінде біз еліміздің барлық өңірін аралап, филиалдар мен еншілес компанияларды, сондай-ақ негізгі станциялар мен өндірістік бөлімшелерді қоса алғанда, ҚТЖ-ның 55 ұйымының еңбек ұжымдарымен кездестік. Кездесу барысында қызметкерлермен тікелей әңгімелестік, оларға еңбек құқықтарын түсіндірдік, әсіресе басты назар еңбек жағдайларын, төлемдерді, әлеуметтік кепілдіктерді, медициналық қамтамасыз етуді және тұрмыстық мәселелерді талқылауға аударылды. Мәселенің едәуір бөлігі тікелей кездесулер барысында, яғни ресми өтініштер жазуға жеткізбей-ақ сол жерде шешілді.

**– Нақты дәйектерге тоқталып өтсеңіз, және өтініш, арыз-шағымдардың негізгі тақырыбы не дер едіңіз?**

– Мысалы, желі қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру негізгі мәселелердің бірі болды. Біз бұл мәселені орталық кадр қызметі аппаратымен бірлесіп, оны барлық негізгі тораптық станциялар бойынша, оның ішінде бекітілген дәріханалардан дәрі-дәрмек сатып алу мүмкіндігі бойынша шеше алдық. «Медикер» ЖШС және «Архимедиус» ЖШС-мен өзара іс-қимыл биылғы жылы да жалғасатын болады, бұл мәселеге осы ұйымдардың өңірлерде тағайындалған үйлестірушілерін жиі тарту қажет.

Барлық өңірге тән тағы бір мәселе, штаттарды толықтыру болатын. Қазір жұмыс істеп тұрған рекрутинг жүйесі, бос лауазымдарға байланысты үміткерлерге қойылатын талаптардың белгіленген біліктілігі қызметкерлерді дер кезінде қабылдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік бермей отыр. Бұл өз кезегінде, жұмыс істеп жатқан қызметкерлердің жұмыстан соң да қалып жұмыс істеуіне, жиі іссапарларға шығуына әкеліп отыр, ал мұның салдарынан жұмысшылардың денсаулығының нашарлауы, өндірістік процестердің уақытылы жүргізілмеуі, тағысын тағы жайттар қалыптасуда. Процедураларды жеңілдету қажеттілігін жергілікті басшылар да айтып отыр. Осыған байланысты қазір кадр қызметімен, басшылармен және мамандармен бірлесіп кадрларды неғұрлым жедел тарту (жалдау) және бекіту бойынша жағдай жасау жұмысы басталды. Бұл жұмыс – еңбекке қабілетті халықтың разъездер мен шағын елді мекендерден жаппай кетуіне байланысты да қажет болып отыр. Баспанамен қамтамасыз ету де өзекті проблеманың бірі еді, қазіргі уақытта бұл мәселе жекелеген өңірлерде шешімін тауып жатыр. Сонымен қатар бірқатар өтініш-шағымдарға байланысты Компанияның құрылымдық бөлімшелеріне тиісті шаралар қабылдау үшін: балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруды жетілдіру, жаңажылдық сыйлықтардың сапасы мен ассортиментін арттыру, арнайы киіммен уақытылы қамтамасыз ету, жұмысшыларды жұмыс орындарына жеткізу сияқты мәселелер жолданып және оның көбісі оң шешілді. Сөз реті келгенде, соңғы жылдары компания басшылығының әлеуметтік ұстанымы, жүргізіліп жатқан түсіндіру жұмыстары, желі басшыларын оқыту және қайта даярлау, жергілікті жерлерден жолданған сұрауларға уақытылы ден қою оң нәтиже беріп жатқанын атап өткім келеді.

**– Демек, Корпоративтік омбудсмен аппаратына келіп түсетін өтініш-шағымдар да азайған шығар...**

– Иә, мәселен, 2025 жылы Корпоративтік омбудсмен аппаратына 123 өтініш келіп түсті, бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 2 есе аз. Жоғарыда атап өткенімдей, кеңес беру және алдын алу жұмыстары айтарлықтай нәтиже беріп, арыз-шағым, өтініштердің тұрақты төмендеуіне қол жеткіздік. Атап айтқанда, өтініштерді қарау нәтижелілігі 97% асты; қайталанатын өтініштер саны 80% астам төмендеді, ал былтыр II және III тоқсандарда қайталанған өтініштер мүлдем болмады. 2025 жылы қызметкерлердің бес жылдық кезеңдегі өтініш-шағымдарына талдау жүргіздік. Талдаудан байқағанымыз, олардың жартысынан көбі жұмысқа орналасуға, қызметкерлерге қатысты дау-дамайға, ұжымдағы «жайсыз» жағдайларға және т.б. байланысты. Бұл мәселенің шешімін біз профилактикалық жұмыстарды жүргізуде, ұжымдарда, кадрларды іріктеуді жақсартуда, осындай өтініштерге уақытылы ден қоюда көреміз. Жазбаша өтініштерден басқа, қызметкерлердің бір бөлігі бізге тікелей телефон немесе жеке өтініш арқылы жүгінеді, мұндай мәселелер оған қатысты толық ақпарат алуға байланысты өз шешімін тезірек тауып жатады. Жалпы, өткен жыл жұмысын саралай отырып, корпоративтік омбудсмен аппаратына тікелей жүгіну санының өскенін айтар едік, әлбетте, бұл қызметкерлердің сенімін білдірсе керек. Сондай-ақ жергілікті жерлерде орындаушылық тәртіп те артты, көптеген мәселелерді басшылар бізге жеткізбей, тікелей шешуге тырысып жатады.

**– Қанат Есмұханұлы, сөз соңында осы жылдың жоспарымен де бөлісе кетсеңіз. Қандай іс-шаралар межеленген?**

– 2026 жылы қызметкерлердің өтініштері бойынша келісу комиссияларының құрамына корпоративтік омбудсменді, сондай-ақ медиаторды қосу практикасы жүргізіліп, кеңейтілетін болады. Бұл іс-шара компания ішіндегі еңбек дауларын қарау рәсіміне объективтілікті, тәуелсіздікті және сенімділікті күшейтуге бағытталып отыр. Келісу комиссиясының құрамында корпоративтік омбудсмен мен медиатордың болуы даулы жағдайларды екі тараптың мүдделерін ескере отырып қарауға, қызметкер мен жұмыс беруші арасында сындарлы диалог құруға, сондай-ақ жанжалдың ерте сатысында өзара қолайлы шешімдерді табуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде еңбек дауларын одан әрі шиеленістірмей, сот органдарына жүгінбей және сыртқы инстанцияларды тартпай, тікелей сол жерде реттеуге ықпал етеді. Тәжірибе көрсеткендей, бұл тәсіл жанжал деңгейін төмендетеді және қызметкерлердің өз құқықтарын қорғаудың ішкі тетіктеріне деген сенімін арттырады. Біз ҚТЖ-ның корпоративтік омбудсмені ретінде әлеуметтік диалогты дамыту, қызметкерлердің құқықтарын қорғау және компанияда тұрақты әлеуметтік ортаны қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыратын боламыз.

**– Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұлугүл БАКЕСОВА**
*Суретті түсірген*
*Александр ЖАБЧУК*

# ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ҚАНДЫАҒАШТЫҚ ҮЛГІСІ

АЙМАҚ

**Ақтөбе аймағындағы теміржол қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қандыағаш вагон пайдалану депосының орны бөлек. Бір жылда 5 миллионнан аса вагонға техникалық қызмет көрсетілген депода 500-ден аса вагон қараушы еңбек етеді. Тәулігіне мыңдаған вагон қозғалысын бақылап, қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған ұжым үшін кәсіби жауапкершілік – басты қағида.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Қандыағаш вагон депосы Ақтөбе мен оған шектес өңірлердегі жалпы ұзындығы 1631 шақырым, ал кепілдік иіндер 1741 шақырымды құрайтын желі бойындағы қауіпсіз қозғалысқа қызмет көрсетеді. Депо құрамында 7 техникалық қызмет көрсету пункті, 2 бақылау-техникалық қызмет көрсету пункті, 24 бақылау пункті, 8 техникалық тапсыру пункті, 5 ағымдағы жөндеу пункті бар. Вагон ақауларын ерте анықтау үшін 39 пункт 73 байланыссыз бақылау құрылғыларымен жабдықталған. Міне, бүкіл аймаққа тармақталған алып өндірістік қуатқа ие депо қысы-жазы үздіксіз, жоғары жүктемемен жұмыс істейді.

Депо бастығы Еркін Жананбаев үлкен ұжымды 2016 жылдан бері басқарып келеді. Штаттағы 708 адамның 520-сы вагон қараушылар. Бұл – депоның негізгі тірегі, пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін тікелей қамтамасыз ететін мамандар.

– Өткен жылы депо бойынша 5 146 000 вагон техникалық бақылаудан өткізілді. Бұл көрсеткіш біздің жұмыс ауқымымызды көрсетеді. Бүкіл Ақтөбе аймағындағы қозғалыс қауіпсіздігін қадағалап отырған Қандыағаш депосының өз жұмыс үлгісі қалыптасқан.



Басшылық құрам басқару жүйесін жетілдіруге, өндірістік үдерістерді орталықтандыруға және жауапкершілікті арттыруға күш салса, вагон қараушылардың қалыптасқан өз жұмыс тәсілдері, өз мектебі бар. Нәтижесінде қандыағаштық вагон қараушылар жылжымалы құрамнан анықтаған ақау саны жыл сайын артпаса, кеміген емес, сонымен қатар олардың арасында ерен еңбегінің арқасында «Үздік вагон қараушы», «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін», т.б. марапат иелері аз емес, – дейді депо бастығы.

Өткен жылы «Үздік вагон қараушы» марапатын алған вагон қараушы Алматжан Аманжолов – солардың бірі. «Бұл марапат – оның көп жылғы тәжірибесі мен кәсібилігінің нәтижесі» деген депо бастығы тағы екі тәжірибелі маман Үсен Байжігітов пен Әбдімұрат Жақыпов Президенттің Құрмет грамотасымен марапатталғанын мақтанышпен жеткізді.

Алматжан Аманжолов – Қандыағаш қаласының тумасы. 35 жылдан бері табан аудармай осы депода еңбек етіп келеді. Бүгінде Ақтөбе, Никельтау, Шұбар, Орал бағыттарынан келетін құрамдарға қызмет көрсетеді. Келу паркінде вагондарды дөңестен түсіріп, техникалық ақауларын тексереді. Жүк тиелетін вагондарды толық дайындап, жөнелту паркіне жібереді.

– Ең бастысы әр дыбысқа, әр белгіге мән беру керек, қалғаны тәжірибемен келеді. Біз жұмысымызды бастаған кезде бәрі әлдеқайда қиын еді, ақауды анықтау да күрделі болатын. Бүгінде технология дамып, түрлі құрылғылар көмекке келіп, жұмыс та жеңілдеді, – деді тәжірибелі вагон қараушы.

Ол бүгінде депоға келген жас мамандардың тәлімгер ұстазы ретінде кәсіпке үйретіп, бағыт-бағдар береді. Ақауды алдымен байқаса, жанындағы жас шәкіртінің қырағылығы мен тәжірибесін арттыру үшін өзіне тапқызуға тырысады екен.

– Жұмысшылардың еңбек жағдайын жасау – біз үшін бірінші кезектегі міндет. 2025 жылы депо инфрақұрылымын жаңғырту аясында Жем мен Шұбарқұдық станцияларындағы ғимараттарға ағымдағы жөндеу жүргізілді. Жылу жүйелері, душ бөлмелері мен ас ішуге арналған орындар жаңартылып, еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар Қандыағаштың өзінен депо қызметкерлерін таңертең жұмысқа, кешке үйлеріне тасымалдайтын 25 орындық ПАЗ автобусы ұйымдастырылған, – деді депо бастығы.

2026 жылдан бастап Қандыағаш вагон депосы тікелей Астанаға қарайды, «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Тасымалдау үдерісі дирекциясы» филиалы құрамында жұмыс істейді.

*Суретті түсірген автор*

## Итоги

# ЧЕТЫРЕ ГОДА УСТОЙЧИВОЙ РАБОТЫ

**За четыре года работы Региональный центр управления поездами РЦУП-2 Алматы сумел заявить о себе как о надежном и перспективном подразделении Юго-Восточного региона. За этим результатом – слаженная команда, четко выстроенные процессы и постоянное внимание к вопросам безопасности движения.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы



Сегодня РЦУП-2 располагает всеми условиями для дальнейшего развития, а его главным ресурсом остаются квалифицированные специалисты. Только в течение прошлого года в центре проведено 24 плановых технических занятия и 2 внеплановых, а также 42 проверки по вопросам безопасности движения.

Важной составляющей работы остается контроль. В течение года выполнены 22 внезапные проверки исполнения должностных обязанностей поездными диспетчерами. По их итогам проведены детальные разборы с оформлением соответствующих протоколов.

Плановая деятельность руководства включает регулярные проверки состояния безопасности движения, соблюдения графика поездов и требований должностных инструкций. Особое внимание уделяется наличию и актуальности нормативно-технической документации на рабочих местах ДНЦ, правильности принимаемых решений и порядку передачи приказов. Для объективной оценки используется и прослушивание записей регистратора МСР.

Производственные показатели 2025 года подтверждают устойчивую работу центра. За год отправлено 11 335 пассажирских поездов, из них 10 821 – по расписанию, что составляет 95,5%. С опозданием отправлено 514 поездов на 334,9 часа. По сравнению с предыдущим годом количество отправленных поездов увеличилось на 103.

По прибытии за 12 месяцев 2025 года зафиксировано 126 844 пассажирских поезда, из которых 106 628 прибыли по расписанию (84,1%). С опозданием проследовало 20 216 поездов на 12 031,1 часа.

Отдельное внимание уделяется грузовым перевозкам. В 2025 году рассмотрено 4 656 претензий по нарушениям сроков доставки грузов на сумму более 149 миллионов тенге, что превышает показатель 2024 года. Основные нарушения допущены на участках НОДГП-5, НОДГП-7, НОДГП-8 и НОДГП-9.

Среди ключевых причин – временное оставление поездов без движения, непринятие составов на пограничных переходах в третьи страны, а также отказы со стороны соседних отделений дороги. На сроки доставки влияют и факторы, зависящие от грузополучателей и владельцев подъездных путей.

В течение года по участкам РЦУП-2 проследовало 22 704 контейнерных поезда. На выполнение маршрутной скорости влияют строительно-монтажные работы, строительство вторых путей, капитальные ремонты, а также перенаправление поездов через стыки Дегелен и Туркестан. Дополнительные сложности создают ограничения скорости на новом участке Мойынты – Достык, а также погодные условия – сильные ветры на направлении Достык – Алашанькоу, из-за которых временно ограничивается прием контейнерных поездов со стороны КНР.

Нормативным графиком движения поездов на 2025 год по РЦУП-2 предусмотрено 193 ограничения скорости, что соответствует уровню предыдущего года. Всего выдано 117 484 предупреждения, из них более 109 тысяч – длительно действующие.

